

«Б.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің психологиялық қызметтегі жасаған жұмыстарына қорытынды.

Мақсаты:

- Білім беру мекемелерінің педагог ұжымы мен әкішілігіне оқушылар мен тәрбиеленушілердің жеке даралығына сай келетін дамудың әлеуметтік жағдайын орнату және барлық оқу үдерісіне қатысушылардың педагогикалық ұжым мен оқушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының тұлғасының дамуы мен денсаулығын сақтау мен қорғауда тиісті психологиялық жағдай орнатуға қолдау көрсету;

Қызметтің міндеттері:

- Білім беру мекемелеріндегі әлеуметтік жағдайдың дамуына психологиялық талдау, негізгі проблемаларды анықтау және оның туындау себептері мен шешу жолдарының әдіс-тәсілдерін анықтау;
- Тұлға дамуының жасерекшелік кезеңдерінде оқушылардың интеллектуалдық және тұлғалық дамуына қолдау көрсету;
- Өзіндік даму мен өзіндік анықталуға оқушылардың қабілетін қалыптастыру;
- Педагог ұжымының және әрбір педагогтың психологиялық мәдениетін арттыру, білім мекемесінде педагогикалық ұжымның әлеуметтік-психологиялық ахуалының үйлесімділігіне қолдау көрсету;
- Білім саласына қатысушыларға топтық және жеке дара түде психологиялық кеңес ұйымдастыру;



Оқу жылдары	2023-2024
Білім алушы саны	868
Ата-ана саны	732

Психологиялық сүйемелдеу білім алушылар, ата-ана, педагогтар сұранысы бойынша жұмыс бағдарламасы аясында төмендегідей жұмыстар атқарылды.

Диагностикалық бағыт оқытудың бүкіл кезеңі ішінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке және топтық қызметін, психологиялық-педагогикалық зерделеуін, олардың жеке ерекшеліктері мен бейімділіктерін, оқыту және тәрбиелеу процесінде, өзін-өзі кәсіптік тұрғыдан айқындауда әлеуетті мүмкіндіктерін айқындауды, сондай-ақ оқытудағы, дамудағы, әлеуметтік бейімделудегі бұзушылықтардың себептері мен тетіктерін анықтап зерттейді.

Білім беру саласында педагогиканың негізі психологияда десек қателеспейміз, себебі бүгінгі таңда балалардың психологиялық денсаулығы өзекті мәселе. Осыған байланысты балалардың онтогенездік дамуының барлық кезеңдерінде балалармен жүргізілетін психологиялық жұмысты тәжірибе деңгейінде қарастырып, жан-жақты зерттелуі тиіс.

Білім беру саласындағы психологиялық қызметтің әр білім алушы тұлғасының психикалық ерекшелігін ескере отырып жүргізілетін жұмыс түрлері әр түрлі. Яғни білім алушыларды психологиялық мәселелерін анықтау үшін **жас ерекшеліктеріне** байланысты әдістемелер алынады, анықталған мәселелерді шешуде түзетуде психологиялық коррекциялық жұмыстардың түрлері қолданылады.



Диагностикалық зерттеу:

МАДТ мектепке дайындығын анықтау **қорытындысы**

Бірінші сынып білім алушыларының мектепке дайындығын анықтау **қорытындысы**

«Баланың мектепте оқуға психологиялық даярлық мәселелері»\1 -сынып ата –аналары\ **қорытындысы**

Тұлғалық ерекшеліктерді дамыту жаттығулары \8-11 сыныптар\ **қорытындысы**

Баяндама «Бастауыш мектеп оқушыларының психологиялық даму ерекшеліктерінің теориялық негіздері» **қорытындысы**

Адам-өміріндегі әуенді терапия. (адам-өмірінде әуенді терапия жүргізу) **қорытындысы**

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу қорытындысы

Интернет қауіпсіздігінің алдын алу, ресурстарды дұрыс пайдалану /сауалнама/
қорытындысы

«Керн-Йирасек» тесті •Адамның суретін салу •Сөздер көшірмесі •Нүктелер көшірмесі
/сауалнама 1 сыныптар/ қорытындысы

Графикалық диктант /сауалнама 1 сыныптар/ қорытындысы

1-сынып оқушыларының оқу түрткісін зерттеу әдістемесі қорытындысы

«МЕНИҢ СЫНЫБЫМ» әдістемесі \5-6сыныптар\ қорытындысы

5-сыныпқа көшкен оқушылардың мектепке бейімделуі және отбасындағы
климаттың әсер ету деңгейін анықтау \5 сыныптар\ қорытындысы

Сабақтарға өзара қатысу, білім алушыларға қатысты мәселелер бойынша топпен
бақылау қорытындысы

«Н.Г.ЛУСКАНОВА» әдістемесі \5-сыныптар\ қорытындысы

«Оқушылардың оқу түрткісінің көрсеткішін анықтау» \5,6 сыныптар\
қорытындысы

«Оқушының оқу түрткісінің құрылымын диагностикалау» \5,6,7,8 сыныптар\
қорытындысы

«Мен мектепте ... сезінемін» \5,6,7,8 сыныптар\
қорытындысы

«Пәнге көз-қарас» әдістемесі \9 сыныптар\ қорытындысы

Темпераментті анықтау сауалнамасы \5,6,7 сыныптар\ қорытындысы

Темпераментті анықтау сауалнамасы \8,9, 10,11 сыныптар\ қорытындысы

Спилбергер-Ханиннің әдістемесі \8,9, 10,11 сыныптар\ қорытындысы

Е.А.Климов «Дифференциалды-диагностикалық» әдістеме \9-10-11 сыныптар\ қорытындысы

Дж. Холландтың «Тұлға типтерін анықтау» \9-10-11 сыныптар\ қорытындысы

«Мотивацины анықтау» (Е. Головахи әдістемесі бойынша) \9- сыныптар\ қорытындысы

«Мен... деп санаймын немесе ...міндеттімін» әдістемесі (И.П.Посашкова) педагогтар қорытындысы

«Оқушының мамандық таңдауында ата-анасының маңызы» \9-10-11 сынып ата-аналары\ қорытындысы

Қорқыныш сезімінен арылуға және өз-өзіне деген сенімділікті арттыруға арналған ойындар мен жаттығулар қорытындысы

«Пәнге көз-қарас» әдістемесі 9-сыныптар қорытындысы

Білім алушының психологиялық дамуына қолдау көрсетуде, әр педагогтың ықпалы зор. Сондықтанда диагностикалау әдістемелерді қолдануда, бағдарламалар құруда тәжірибелі маманның білім алушылардың қызығушылығы мен қабілеттерін ескере отырып, таңдау ұсынылады.

Қазіргі таңда білім беру ісінің жаңартылуы бұл ең алдымен барлық деңгейі бойынша балаға деген көзқарастың өзгертілуі. Өйткені, бала өзіндік ішкі құрылымы бар тіршілік иесі. Сондықтан білімнің көп деңгейлік жаңа моделінде білім алушылар, педагогтар мен ата-аналар үшін де даралық ерекшеліктерімен ақыл-ой қабілетін дамыту өте қажет.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке және шығармашылық қабілеттерін ашып, оны дамытуға жәрдемдесуге міндетті. Білім беру ұйымы баланың қалауын, жеке басының бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, таңдауға құқысы бар», -деген баптары педагог пен ата-аналарға арналып, мектеп пен ата-ана алдында зор жауапкершілік жүктейді. Демек мектептегі психологиялық қызмет атқаруда, білім беру үдерісінің жаңа баспалдағында әр баланы диагностикалау арқылы білім беру жүйесін дамытуға мүмкіндік мол. Диагностика нәтижесіне байланысты уақытылы профилактикалық, коррекциялық жұмыстар бойынша уақытылы ұсыныс беру маңызы рөл атқарады. Осы арқылы білім беру процесіндегі туындаған түрлі қиындықтар мен олқылықтардың алдын алуға, жұмыс нәтижесін көруге болады.

1. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар

Тәрбиедегі ақаулық, жазалаудың басымдылығы, балада эмоциялық тұрақсыздықтың дамуына, эмоциялық қимыл-қозғалыс деңгейінің жоғарылауына әкелетіні жиі кездеседі. Ата-аналардың тым қаталдығы, олардың өз беделдерін басты орынға қоюы немесе балаға шектен тыс қамқорлық жасау – жасөспірімдерге кері әсерін тигізеді. Көктем, күз мезгілдеріндегі, яғни «күс қайтып, құстар келер» кезеңдеріндегі табиғат құбылысы да адам ағзасына, әсіресе психикаға салмақ салып жатады. Осы тұрғыда білім алушылардың психологиялық ахуалын бақылау, психологиялық түзету жұмысының бағдарламасы әзірленді.

Білім алушылармен жүргізілетін жұмыс барысы

Білім беру ұйымының бес маманы бір-бірімен тығыз байланыста жұмыс жасайды:

I кезең:
Диагностикалау – тест, сауалнамалар
Бақылау – тәртібі мен оқу үлгерімін, әлеуметтік қатынастарын назарда ұстау




II кезең:
Психологиялық түзету-дамыту – жеке диагностика



III кезең:
Консультациялық -қажет болған жағдайда– қосымша медициналық көмек, әлеуметтік көмек, құқықтық көмек алу үшін мамандарға бағыттау



IV кезең:
Психологиялық алдын алу және ағарту –жеке кеңес – профилактикалық жұмыстар, психокоррекциялық тренингтер.



Педагог-психолог	Әлеуметтік педагогтың мәліметтері	Мектеп директорының ТІЖО немесе инспекторының мәліметтері	Сынып жетекшінің талдауы	Педагог ұйымдастырушы
білім алушылардың психологиялық ахуалын қадағалау	(оқушылардың әлеуметтік және отбасылық жағдайлары)	(Мектеп директорының ТІЖО немесе тіркеуде тұрған отбасылар мен оқушылар тізімі)	(Оқушылардың әлеуметтік желілеріндегі парақшаларын талдау: instagram, VK, facebook, tik-tok, twitter; оқуда, тәртібінде өзгерулерді бақылау)	Білім алушыларды түрлі шараларға тарту

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша жоспар құрылып сол жоспар негізінде төмендегідей жұмыстар атқарылды:

Диагностикалау барысында сауалнама, тест, бақылау жұмыстары:

Сауалнама 7-11 сынып білім алушылары аралығында жүргізілді.

Қатысушы 328 білім алушы.

Сауалнаманы толық сілтеме бойынша қарай аласыз

https://forms.office.com/Pages/AnalysisPage.aspx?AnalyzerToken=NToiY0OBu2Pv0bFFJADyfvvr1x1DAxyX&id=DQSIkWdsW0vxEjajBLZtrOAAAAAAAAAAAAAN_gmzZzRUMUIWS1ZBVIExSkhSR05RRlpYVIIZM0tMNi4u



Түзете-дамыту бағытында қорқыныш сезімінен арылуға және өз-өзіне деген сенімділікті арттыруға арналған ойындар мен жаттығулар, баланың отбасындағы қарым-қатынасы мен эмоционалдық күйін диагностикалау және түзету-дамыту жаттығулары «Отбасы суреті» әдістемесі, агрессияға қарсы жаттығулар, тұлғалық ерекшеліктерді дамыту жаттығулары, аутодеструктивті мінез-құлықтың (суицидке бейімділік) алдын алуда психокоррекциялық сабақтар:

«Пікірталас – жанжал емес»

«Ашу-ыза билегенде не істеу керек?»

«Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту»

«Мен өзімді мақтай аламын»

«Күйзелістен қалай құтылуға болады?»

«Реніштен арылу»

«Ой, сезім, мінез-құлық»

«Қалай сұрауға болады?»


«Менің құқықтарым»

«Қиын жағдайлардан не үйенеміз?»

«Толеранттылық (тозімділік) деген не?»-тақырыптарында өтілді. Ата-аналармен, оқушылармен және педагогтармен онлайн кездесулер өткізілді. Осы жұмыстар нәтижесінде, мектеп ата-аналарымен «Кәсіби бағдарлау бойынша психологиялық алдын алу және ағарту, психологиялық кеңес» жұмыстар жүргізілді. Ата-аналар арасында

тақырыпқа байланысты туындаған сұрақтарына жауап алды. «Тұлғаның жабығу сәтіндегі өз мінез-құлқына баға беру» әдістемесінің интерпретациясы. 7-11 сынып жалпы оқушылар саны-328

№	Сыныптар	«а»	«ә»	«б»	«в»	Жалпы сыныптағы оқушылар саны
1	7 сынып	23	19	19	-	61
2	8 сынып	20	20	14	20	74
3	9 сынып	19	20	21	14	74
4	10 сынып	20	20	16	13	69
5	11 сынып	14	18	18	-	50



Қатысқан оқушылар саны-150

№	Сыныптар	Қатысқан оқушылар саны	%
1	7 сынып	35	25%
2	8 сынып	31	21%
3	9 сынып	41	27%
4	10 сынып	21	14%
5	11 сынып	18	12%



Берілген сұраққа жауап бергенде оң жақтағы сандардан өздерінің қалыпты жағдайына сай келетін цифрларды дөңгелектеп сызу арқылы жауап берді.

Қорытынды: 46- ұпайдан жоғары – 0,8% жабығу белгілері бар, қатты мазасыздық бар. 31-45 ұпай - 12% орташа мазасыздану. 20-30 ұпай - 85% жабығу белгілері мүлде жоқ, аздаған ғана мазалану бар.

Нәтижесінде:

Нәтижеге байланысты ағартушылық бағытта вебинарлар ұйымдастырылып жатыр. Ата-аналармен «Бала тәрбиелеуде ата-ананың ролі», «Мамандықты дұрыс таңдауда бала ықпалдық жасау», «Баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыру» тақырыптарында семинар-тренингтер жүргізілді. Жасөспірімдермен жеке кездесулер өтті.

Жүргізілген әр психокоррекциялық сабақтар барысында топтағы әрбір баланың психологиялық ахуалын сынып жетекшісі бақылап, жабырқаңқы көңіл-күйі анықталған білім алушыны педагог-психологқа сұраныс парағы бойынша хабардар етіп отырды. Осы ақпарат негізінде педагог-психолог күйзелісте жүрген балаға жеке диагностика жүргізіп, күйзеліс деңгейін анықтап коррекциялық жұмысты жалғастырып отырды. Әр жеке кеңес хаттама арқылы құжатталады. Жоғарыда көрсетілгендей кезеңмен жұмыс жүргізілді. Ағартушылық бағытта «Бастауыш мектеп оқушыларының психологиялық даму ерекшеліктерінің теориялық негіздері», «Баланың мектепке баруға байланысты туындайтын қиындықтар», Адам-өміріндегі әуенді терапия (адам-өмірінде әуенді терапия туралы ақпарат беру), «Мектеп, оқушы, ата-ана: ынтымақтастық қырлары», «Бала өміріндегі жәбірлену», «Ата-ананың мектептегі алатын орны» тақырыптары бойынша дәрістер жүргізілді.

Консультациялық бағытта жеткіншектерге психологиялық кеңес, -жеткіншекке жадынама; -өз-өзінді қорғаудың 8-тәсілі тақырыптары бойынша жаднамалар берілді.

Ата-аналарға психологиялық кеңес:

1. Адам қалай өзіне сенімді бола алады.
2. Депрессиядан қалай арылуға болады.
3. Жоғары сынып оқушыларын ҰБТ алдында дайындау жөнінде ұстаздарға ұсынылатын кеңестер .
4. Өзіне сенімділік неден құралады (Луиза Хейдің кеңесі)
5. Күйзеліс кезіндегі психологиялық көмек.

Қолайлы отбасылық атмосфера құру үшін, психологиялық кеңес:

- «Балаларды қайырымды етіп тәрбиелеу үшін?»;
- «Балаларды маскүнемдіктен қалай қорғауға болады?»;
- «Баланы есірткіден қалай қорғауға болады?»;
- «Баланы шылым шегуден қалай қорғауға болады?»;
- «Жасөспірім жастар жайында ата-аналар не білу керек?».

Ата-аналарға кеңес:

- «Баланы қалай тәрбиелеу керек?»

Ата-аналарға арналған ҰБТ-ға дайындық жөніндегі ұсыныстар беру:

- «ҰБТ қарсаңында ата-аналар балаларына қалай қолдау көрсетуі тиіс?»;
- «Ата-аналарға ҰБТ-ға дайындық жөніндегі ұсыныстар»;
- «Суицидке кімдер бейім?»;
- «Жақындап келіп қалған суицидті қалай аңғаруға болады?»;
- «Депрессия»

Осы аталған тақырыптар бойынша үнемі кеңестер беріліп отырды.

SWOT-талдау

• КҮШТІ ЖАҚТАРЫ

- Психологиялық қызметтің жүйеленген ережесі негізінде іске асырылуы;
- Білім алушылар психолог қызметін пайдалануда қызығушылық танытуы;
- Ата-аналардың психолог қызметіне қызығушылық танытуы;

• МҮМКІНДІКТЕР

- Мектепте психологиялық қызметтің жүруіне бар жағдай жасалынған;
- Мектепте адамгершілік психологиялық ахуал жақсы жолға қойылған;
- Психолог көмегін қажет етушілерге барлық мүмкіндік жасалған;

• ӨЛСІЗ ЖАҚТАРЫ

- Диагностикалау, түзете-дамыту жұмыстарын жүргізуде сабақтардан сұрап алу;
- Жоспарланған жұмыстың көптігі;
- Тұйық, өзін бағалауы төмен балаларды педагогикалық қолдаудың жетіспеуі;

• ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР

- Тұйық, ұяң, жабырқаңқы балалар қатты қысылып ішкі сырларын бөлісуден бас тартуы;
- Отбасында балаға жеткілікті көңіл бөлінбеу салдарынан баланың назардан тыс қалуы;